

КЕПІЛДІКТЕР ҰСЫНУ ЖӘНЕ АҚША КЕПІЛСАЛЫМЫ ТУРАЛЫ № ____ БАС КЕЛІСІМ¹

_____к.

« ____ » _____ 20__ ж.

Бұдан әрі «**Банк**» деп аталатын «**First Heartland Jusan Bank**» акционерлік қоғамы атынан (оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін) негізінде әрекет ететін (Банктің уәкілетті өкілінің лауазымы, толық аты-жөні көрсетілсін) мырза (ханым) бір тараптан және

бұдан әрі «**Клиент**» деп аталатын заңды тұлғаның толық ұйымдық-құқықтық нысаны және атауы көрсетілсін [атынан оның негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжат көрсетілсін негізінде әрекет ететін тұлғаның толық аты-жөні мен лауазымы көрсетілсін мырза (ханым)]¹, басқа тараптан,

Клиент кепілдіктер ұсыну және ақша кепілсалымы туралы осы Бас келісімді (бұдан әрі –Келісім) жасаса отырып Банктің www.jusan.kz мекенжайы бойынша орналастырылған, Банктің басқармасы (_____ ж. № ____ хаттама) және Банктің Директорлар кеңесі (_____ ж. № ____ хаттама) (деректемелерді және Келісімді дайындау күніндегі хаттама күнін көрсету) бекіткен заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша Стандартты шарттарға (бұдан әрі –Стандартты шарттар) оған енгізілетін барлық өзгерістер және толықтырулармен қоса қосылады және Келісімнің және Стандартты шарттардың талаптарын тиісті түрде орындау міндеттемесін өзіне алады.

Бұдан әрі бірге «Тараптар», ал жеке «Тарап» деп аталатын Банк және Клиент Келісімді төмендегілер туралы жасасты:

Егер Келісімде және (немесе) Келісімге № 1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кепілдік алуға арналған өтініште (бұдан әрі – Өтініш) өзгеше тікелей айтылмаса, Келісімде пайдаланылатын бас және кіші әріппен жазылған терминдер мен қысқартулардың Стандартты шарттарда айқындалған мағыналары болады. Келісім Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 381 және 389-баптарының талаптарына сәйкес кепілдік беру және кепіл (кепілсалым) талаптары қамтылатын аралас шарт және қосылу шарты болып табылады.

1. Жалпы шарттар

1.1. Келісімнің мақсаты: Клиентке [жаңартылатын] [жаңартылмайтын] қаржыландыру желісін ұсыну, оның шеңберінде Банк Клиентке мынадай шарттарда кепілдік ұсынады:

1) Лимиттің жалпы сомасы және валютасы:

–[жаңартылатын] [жаңартылмайтын] негізде соманы цифрмен және жазумен көрсету теңге;

2) мерзімі: қаржыландыру желісі « ____ » _____ жылдан бастап (ашу күні) « ____ » _____ жылға дейін (жабу күні) кезеңі бар Лимит шегінде ұсынылады;

3) қаржыландыру желісінің қолжетімділік кезеңі – Келісім шеңберінде Клиент кепілдік ала алатын уақыт аралығы _____ ай / « ____ » _____ 20__ жылға дейін құрайды.

1.2. Қаржыландыру желісі шеңберінде Банк Клиентке жалпы сомасы Келісімнің 1.1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген Лимит сомасынан аспайтын кепілдіктерді Стандарттық шарттарда, Келісімде және Келісім шеңберінде жасалатын мәлімдемелерде көзделген талаптармен ұсынады.

¹ Осы Шарттың мәтіні бойынша, тік жақшада көрсетілгендердің барлығы мәміленің мазмұнына, өнімнің шарттарына байланысты қабылданады, өзгертіледі немесе Шарттың мәтінінен алынып тасталынады. Егер тік жақшаларда көрсетілген жеке тармақтар/тармақшалар Шарттың мәтінінен алынып тасталса, қажет болған жағдайда Шарт тармақтарының / тармақшаларының нөмірленуін өзгертіңіз. Клиент кредит берген кезде Банктің ішкі құжаттарына сәйкес қойылатын талаптарға сәйкес келуі тиіс.

1.3. Кепілдік беруге және оған қызмет көрсетуге байланысты алынуға жататын комиссиялардың және өзге де төлемдердің толық тізбесі мен мөлшері:

Лимитті белгілеу үшін алынатын комиссиялар:

– қаржыландыру лимитін белгілеген кезде Келісім сомасынан комиссия алынады – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – лимит белгіленгенге дейін біржолғы.

– қаржыландыру лимиті ұлғайған кезде бекітілген өсім сомасынан комиссия алынады – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – лимит ұлғайғанға дейін біржолғы.]

[[Кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссия _____ *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – Кепілдік берілгенге дейін біржолғы.]

Қаржыландыру шарттарын өзгерткені үшін комиссия:

– Кепілдік мерзімін өзгерту үшін – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – мерзім өзгертілгенге дейін біржолғы.

– Келісім бойынша кепіл зат(-тар)ының талаптарын өзгерту, сондай-ақ кепіл зат(-тар)ын ауыстыру, кепілзат берушіні (берушілерді) ауыстыру жөніндегі мәселелерді қарағаны үшін – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – шарттар өзгергенге, ауыстырылғанға дейін біржолғы.

– басқа шарттарды, оның ішінде Клиентпен, Кепілгермен байланысты шарттарды өзгерту үшін, сондай-ақ ерекше шарттар тармақтарын орындау шарттарын өзгерту үшін – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – шарттар өзгертілгенге дейін біржолғы.]

[Кредиттен кейінгі қызмет көрсету бойынша анықтамалар және өзге де қызметтер бергені үшін комиссиялар:

– Клиенттің өзге де сауалдары бойынша келісім бергені үшін – *комиссияның мөлшерін цифрмен көрсету (комиссияның мөлшерін жазумен көрсету)*. Төлеу тәртібі – ұсынылғанға дейін біржолғы.

Банктің өнім шарттарына / тарифтеріне сәйкес тармақты алып тастауға/ басқа комиссиялармен/төлемдермен толықтыруға болады.]

1.4. Комиссияларды өтеудің тәртібі мен кезеңділігі.

Комиссиялар сомасын Клиент ақшаны Банк кассасы арқылы енгізу, қашықтағы терминал арқылы есепке алу, қолма-қол ақшасыз аудару немесе Клиенттің Банкте ашылған ағымдағы шотына аудару жолымен Банк пайдасына тікелей аудару жолымен немесе басқа әдіспен біржолғы, оның ішінде Стандартты шарттардың 8.1.тармағының 20) тармақшасының г) абзацында қарастырылған тәртіпте Клиенттің «Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету филиалындағы № теңгедегі ағымдағы шоттың нөмірін көрсету ағымдағы шоттан Келісімде көрсетілген валютада, сомада және мерзімде өтейді.

2. Кепілдік беру шарттары

2.1. Банктің Келісім бойынша кепілдік беру жөніндегі міндеттемесі Клиенттің Банктің қалауы бойынша кепілдік беру үшін қажетті талаптарды немесе өзге де шарттарды тиісінше орындауына байланысты болады.

Клиентке Келісім шеңберінде жасалған өтініштер негізінде және Белгіленген лимит шегінде кепілдіктер беріледі.

3. Қамтамасыз ету әдісі

3.1. Өз міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін, оның ішінде Банк Бенефициардың пайдасына кепілдік бойынша қандай да бір төлемдер жүргізген жағдайда, Клиент Кепілдік алғанға дейін Банкке Келісім шеңберінде жасалатын Стандартты шарттарда, Келісімде және Өтініштерде көзделген шарттарда кепілдік сомасына тең сомада кепілге ақша береді.

3.2. Қамтамасыз ету Клиент Келісім бойынша міндеттемелерін толық орындаған сәтке

дейін Банкте қалады.

3.3. Банк Бенефициардың пайдасына Кепілдік бойынша қандай да бір төлемдер жүргізген жағдайда Банк Клиентке қойылатын өз талаптарын қамтамасыз ету сомасынан қанағаттандырады.

3.4. Клиенттің Келісімнің 1.4-тармағында көрсетілген ағымдағы шотында және/немесе Клиенттің Банкте және екінші деңгейдегі басқа банктерде ашылған өзге банктік шоттарында ақша болмаған/жеткіліксіз болған жағдайда, Келісімнің 3.3-т. көрсетілген жағдайды қоспағанда, Клиенттің Келісім бойынша Банкке тиесілі соманы төлеуі үшін Банк Клиентке қойылатын өз талаптарын қамтамасыз ету сомасынан қанағаттандыруға құқылы.

3.5. Қамтамасыз ету сомасын Банк Келісімнің 1.4-тармағында көрсетілген Клиенттің банктік шотына мынадай оқиғалардың бірі басталған күннен бастап 3 (үш) банктік күн ішінде қайтарады:

1) Кепілдіктің қолданылу мерзімінің өтуі және Келісімнің 3.3-тармағында көрсетілген мән-жайдың туындамауы;

2) Кепілдіктің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін Банкке Кепілдіктің түпнұсқасын және/немесе Бенефициардың Банкке Кепілдік бойынша ешқандай талаптары жоқ екенін растай отырып, Бенефициардан хатты/хабарламаны ұсыну.

Бұл ретте Банк өз талаптарын Келісімнің 3.3-тармағында көрсетілгендей қамтамасыз ету сомасынан қанағаттандырған жағдайда, Банк Клиентке ақшаның қалған бөлігін қайтарады.

4. Келісім бойынша берешекті реттеу шарттары мен тәртібі және Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған кезде Банк қабылдайтын шаралар

4.1. Банктің Стандарттық шарттарда көзделген талаптары қанағаттандырылмаған, сондай-ақ Клиент Стандарттық шарттарда көзделген құқықтарды іске асырмаған не Клиент Келісім бойынша міндеттемелерді орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған кезде Тараптар арасында келісім талаптарын өзгерту бойынша келісім болмаған кезде Банк қоса алғанда және тек олармен шектелмей, Стандарттық талаптарда көзделген шараларды қолдануға құқылы:

1) Клиентке қатысты шаралар қолдану туралы мәселені қарау;

2) Клиенттің тұрақсыздық айыбын (өсімақы, айыппұл) төлеуді талап ету;

3) Клиенттен Банк пен Клиент арасында жасалған келісім және өзге де мәмілелер бойынша барлық міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындауды талап ету;

4) Клиенттің қосымша келісімінсіз Келісім бойынша барлық мерзімі кешіктірілген берешекті (соның ішінде Банктің тұрақсыздық төлемін/ залалын) Банкте немесе кез келген басқа банктерде, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған барлық / кез келген банк шоттарынан (ҚР заңнамасында көзделген талаптар мен ерекшеліктерді ескере отырып) даусыз тәртіппен алып қою / есептен шығару;

5) берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беру;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, кепілге салынған мүлікті соттан тыс тәртіппен өндіріп алу не Клиенттің берешегін сот тәртібімен өндіріп алу (оның ішінде берешекті өндіріп алуды Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен үшінші тұлғаларға тапсыру);

7) Клиенттің кез келген мүлкінен сот тәртібімен өндіріп алу;

8) біржақты тәртіппен кепілдік беруді тоқтату / тоқтата тұру;

9) ҚР заңнамасына және тараптардың келісіміне сәйкес берешекті өндіріп алу бойынша басқа да шараларды қабылдау. Қандай да бір шараны қолдану (немесе жиынтығында шаралар қолдану) қажеттілігін Банк дербес айқындайды.

5. Келісімнің қолданылу мерзімі

5.1. Келісім Тараптар оны жасасқан күннен бастап күшіне енеді және тараптар Келісім және өтініш(-тер) бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттемелері

6.1. Тараптардың ҚР заңнамасында, Стандартты шарттарда көзделген құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шектеулері бар.

7. Тараптардың жауапкершілігі

7.1. Келісім шарттарын бұзғаны үшін Тараптар ҚР заңнамасына және Стандартты шарттарға сәйкес жауапты болады.

7.2. Стандартты шарттарда көзделген жауапкершілік шараларынан басқа, Клиент Банкке төлеуге міндеттенеді:

[– Банк Бенефициардың пайдасына Кепілдік сомасын және/немесе Кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссияның төленбеген сомасын төлеген жағдайда, Банк белгілеген мерзімдерде Клиенттің ағымдағы шотта ақшаның болуын қамтамасыз етпегені үшін тұрақсыздық төлемін (айыппұл, өсімақы) – *мерзімі кешіктірілген берешектің әрбір күні үшін берешекті нақты өтеген сәтке дейін не банктік қарыз шарты жасалғанға дейін (керексізін алып тастау) тұрақсыздық төлемінің мөлшерін цифрлармен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазбаша және есептеу тәртібін көрсету).*

[90 (тоқсан) күн өткеннен кейін – Клиенттің ағымдағы шоттағы қамтамасыз етілмеген ақша сомасынан 0,03 (нөл бүтін жүзден үш) пайыз / *(тұрақсыздық төлемінің өзге мөлшерін цифрмен көрсету (тұрақсыздық төлемінің мөлшерін жазумен көрсету) пайыз (керексізін алып тастау), бірақ Өтініш қолданыста болатын әр жыл үшін немесе банктік қарыз шартын жасасқанға дейін Кепілдік сомасынан 10 (он) пайыздан көп емес.*²

[*Өнімнің шарттарына / бекітілген айыппұл санкцияларына сәйкес тармақты алып тастауға/тұрақсыздық төлемінің (айыппұлдың, өсімақының) өзге түрлерімен толықтыруға болады.*

8. Басқа шарттар

8.1. Келіссөздер жолымен реттелмеген осы Келісіммен байланысты барлық даулар, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төреліктерге ведомстволық бағынысты емес дауларды қоспағанда, Банктің немесе оның филиалының (Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексінің талаптарына сәйкес ерекше соттылық белгіленген жағдайларды қоспағанда) орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасының соттарында не «Алматы төрелік соты» ЖШС (БСН 160940010655) жанындағы тұрақты жұмыс істейтін Алматы төрелік сотында оның осы төрелік келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын регламентіне сәйкес, талап қою/өтініш беру күніне қолданыста болатын редакциядағы Қазақстан Республикасының соттарында талап қоюшының/өтініш берушінің таңдауы бойынша қарауға жатады.

8.2. Келісімде көзделмеген барлық жағдайларда Тараптар Стандартты шарттарды, Келісім шеңберінде жасалатын өтініштерді, ҚР заңнамасын басшылыққа алады.

Егер Келісімде Стандартты шарттардың ережелерінен ерекшеленетін өзге ережелер (өзге мерзімдер, ақпаратты / есептілікті ұсыну тәртібі, міндеттемелер / міндеттер және т. б.) белгіленген жағдайда, Келісімнің ережелері басымдыққа ие болады, тиісінше осы бөліктегі Стандартты шарттардың ережелері Клиентке қолданылмайды немесе Келісімде жазылған шарттардың мазмұнына байланысты өзгереді. Келісімге барлық қосымша келісімдер Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Егер Келісімнің қандай да бір шарты заңсыз немесе жарамсыз болса, бұл Келісімнің басқа ережелерінің жарамдылығы мен заңдылығына қандай да бір дәрежеде әсер етпейді. Егер ҚР заңнамасына өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу нәтижесінде келісімнің ережелері ҚР заңнамасының нормаларына қайшы келетін болса, Тараптар ҚР заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алады.

8.3. Келісім жасасу арқылы Клиент Стандартты шарттардың талаптарын қабылдайды және мұны растайды:

² Заңды тұлға құрмай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаға Кепілдік беру кезінде қолданылады – өнімнің талаптарына/бекітілген айыппұл санкцияларына сәйкес тұрақсыздық төлемінің мөлшерін көрсету, бұл ретте тұрақсыздық төлемінің мөлшері 0,03%-дан аспауы тиіс.

– Стандартты шарттарды Клиент оқыды, толық көлемде қабылдады, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз, Клиент өзінің ақылға қонымды мүдделеріне сүйене отырып қабылдауы мүмкін Клиент үшін қандай да бір ауыр шарттар жоқ;

– Стандартты шарттармен және Келісім шеңберінде жасалатын өтініштермен жиынтықта Келісім бірыңғай құжат болып табылады;

– Клиент Стандартты шарттарды оқымағанының / түсінбегенінің / қабылдамағанының дәлелі ретінде Стандартты шарттарда өзінің қолының жоқтығына сілтеме жасауға құқылы емес;

– Стандартты шарттардың барлық ережелері Клиенттің мүдделері мен еркіне толық сәйкес келеді;

– Келісім жасасу және оның талаптарын орындау, оның ішінде Келісім бойынша кепілдік беру ҚР заңнамасының кез келген нормасын бұзбайды және бұзуға әкеп соқпайды.

8.4. Құпиялылық туралы ережелер Стандартты шарттармен анықталған.

8.5. Келісім заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде бірдей даналар санын көрсету данада жасалды, олардың әрқайсысы түпнұсқа болып саналады, Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде бір-бір данадан беріледі. Келісімнің қазақ және орыс тілдеріндегі мәтіні әртүрлі оқылған жағдайда, Келісімнің орыс тіліндегі мәтіні Келісімнің қазақ тіліндегі мәтінінен басым болады.

9. Тараптардың заңды мекенжайлары мен деректемелері:

БАНК: «Jusan Bank» АҚ, А26F8T9, Алматы қ., Медеу ауданы, Назарбаев д-лы, 242-үй; БСН 920140000084, ҚР ҰБ-тағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, BeK 14, Банктің ресми интернет-ресурсы – www.jusan.kz, e-mail: info@jusan.kz, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 18.03.2021ж. анықтама.

«Jusan Bank» АҚ филиал атауын көрсету, филиалдың пошталық индексін, орналасқан мекенжайын, телефондарын көрсету, БСН № көрсету, филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы № куәліктің нөмірін және берілген күнін көрсету куәлік/филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы берілген күнін көрсету анықтама,

[**КЛИЕНТ:** заңды тұлғаның ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық, пошта индексін, тұратын мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберуге арналған мекенжайын, байланыс телефонын, электрондық пошта мекенжайын көрсету, [жеке куәлік (паспорт) №, берілген күнін және құжатты берген органды көрсету,] БСН/ЖСН № көрсету, «Jusan Bank» АҚ _____ филиалында ашылған № шот нөмірін көрсету ағымдағы шот, заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы тіркеу (қайта тіркеу) күнін көрсету ж. № куәлік/анықтама нөмірін көрсету куәлік/анықтама.]

ЖОҒАРЫДА МАЗМҮНДАЛҒАН АҚПАРАТТЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ, және Тараптардың әрқайсысы Стандартты шарттармен және Келісім шарттарымен танысқанының, олармен келісетінінің, оларды түсінікті және өздері үшін ақылға қонымды деп есептейтінінің растамасы ретінде, Келісімді Тараптар жоғарыда көрсетілген күні жасасты.

Тараптардың қолдары:

Банк атынан:

ТАӘ, лауазымы
МО

[Клиент атынан:] [Клиент:]

ТАӘ (қолы)
[МО (бар болса)]

«First Heartland Jusan Bank» акционерлік қоғамы

№ КЕПІЛДІК АЛУҒА ӨТІНІШ
(бұдан әрі – Өтініш)

_____ қ.

« _____ » _____ 20__ ж.

Бұдан әрі «Клиент/Принципал» деп аталатын Клиенттің толық ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын көрсету немесе жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету [атынан негізінде уәкілетті өкіл әрекет ететін құжатты көрсету негізінде әрекет етуші уәкілетті өкілдің лауазымын көрсету тегін, атын, әкесінің атын толық көрсету мырза (ханым).]

« _____ » _____ 20__ ж. № _____ кепілдіктер ұсыну және ақша кепілсалымы туралы Бас келісімнің (бұдан әрі – Келісім) ажырамас бөлігі болып табылатын осы Өтініш арқылы мынадай шарттарда банктік кепілдік ұсынуды сұрайды:

Егер осы өтініште өзгеше тікелей айтылмаса, осы Өтініште пайдаланылатын бас әріппен және кіші әріппен жазылған терминдердің Стандартты шарттарда және Келісімде айқындалған мәндері болады.

1. _____ ж. № _____ міндеттемелерді/Төлемді орындау/аванстық төлемді/Кепілдік міндеттемені қайтару **Кепілдігінің сомасы және валютасы** (атауын таңдау немесе басқасын көрсету керек емесін алып тастау) Кепілдік міндеттеменің сомасын цифрлармен көрсету (Кепілдік міндеттеменің сомасын жазбаша көрсету) теңге.

2. Кепілдіктің қолданылу мерзімі кепілдік міндеттеменің қолданыста болу мерзімінің аяқталу күнін көрсету аяқталады/Кепілдік Принципал Шарттың/Кепілдік беру қажеттілігі қарастырылған құжаттың атауын, нөмірін және күнін көрсету (жарамдылық мерзімін таңдау, қажет емесін алып тастау) бойынша Бенефициар алдындағы міндеттемелерді толық орындағанға дейін әрекет етеді.

3. Бенефициар атауы:

Кепілдік Принципалдың Шарттың/ Кепілдік беру қажеттілігі қарастырылған құжаттың атауын, нөмірі мен күнін/тендердің (конкурстың) атауын және лоттың нөмірін көрсету бойынша көрсету: егер Бенефициар – жеке тұлға болса: Тегін, атын, әкесінің атын (бар болса), ЖСН, туған күнін, тұрғылықты мекенжайын, заңды мекенжайын, жеке басын куәландыратын құжаттың атауын және деректемелерін (немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген өзге де дербес деректерді); егер Бенефициар – заңды тұлға болса: заңды тұлғаның атауын, мемлекеттік (қайта)тіркелген күнін, БСН (немесе бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген, оны заңды тұлға ретінде сәйкестендіретін өзге де ақпарат (бұдан әрі – **Бенефициар**) алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде ұсынылады және осы Өтінімнің ажырамас бөлігі болып табылады. Бенефициар Кепілдік бойынша талап қойған кезде, Банк оның талабын Кепілдікте көзделген жағдайларда және шарттарда орындайды.

4. Төлеу тәртібі:

Принципалдың Банк алдындағы ақшалай міндеттемелерін орындауы, оның ішінде Кепілдікті пайдаланғаны үшін комиссия мөлшері жылдық пайызбен немесе цифрмен теңге есебінде көрсетілсін (мөлшері жазумен көрсетілсін) мөлшерде комиссия төлеу Келісімнің 1.4-тармағында көзделген тәртіпте, Өтініште көрсетілген валютада, сомада және мерзімде біржолғы жүргізіледі.

5. Қамтамасыз ету:

5.1. Кепілдік бойынша өзінің барлық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін Принципал Келісімнің 1.4-тармағында көрсетілген Принципалдың ағымдағы шотына _____ (жазумен) теңге сомасында ақшаны Банкке кепілсалымға (иеленуге) беру үшін

орналастырады, ал Банк кепіл нысанасын алып қояды (есептен шығарады) және оны есепке алу үшін Клиенттердің міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілсалым, кепіл) ретінде қабылданған ақшаны сақтау шотына орналастырады (2240).

5.2. Өтініштің қолданылу мерзімі ішінде кепіл нысанасы Банктің иелігінде болады және оны Банктің келісімінсіз Принципалдың пайдалануы мен билік етуіне жол берілмейді.

6. Жауапкершілік: Принципал Келісім және Өтініш бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және/немесе тиісінше орындамаған кезде Банкке келісімде айқындалған мөлшерде тұрақсыздық төлемін (өсімақы, айыппұл) төлеуге міндеттенеді.

7. Тараптардың құқықтары мен міндеттері:

Тараптар Стандартты шарттарда, Келісімде және Өтініште айқындалған құқықтарды басшылыққа алады және міндеттерді орындайды.

8. Қолданылу мерзімі:

Өтініш жасалған күннен бастап күшіне енеді және Принципал өтініш бойынша барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданылады.

ПРИНЦИПАЛ: *Клиенттің заңды тұлғасының ұйымдық-құқықтық нысанын және атауын не жеке кәсіпкердің тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) толық көрсету, заңды мекенжайы пошта индексын, орналасқан мекенжайын, хабарламалар мен талаптарды жіберу мекенжайын, клиенттің байланыс телефондарын көрсету, электронды пошта мекенжайы, «Jusan Bank» АҚ-тағы № шот нөмірін көрсету ағымдағы шот [қайта (тіркеу) күнін көрсету № куәлік/анықтама нөмірін көрсету заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу/тіркеу туралы куәлік/анықтама], [жеке куәліктің (паспорттың) № көрсету, берілген күнін және құжатты берген органды көрсету] БСН/ЖСН № көрсету.*

ЖОҒАРЫДА МАЗМҰНДАЛҒАН АҚПАРАТТЫ КУӘЛАНДЫРУ РЕТІНДЕ, және Принципалдың Өтініштің талаптарымен танысқандығының, онымен келісетіндігінің, оларды түсінікті және өзі үшін ақылға қонымды деп санайтындығының растамасы ретінде Өтінішті Принципал жоғарыда көрсетілген күні жасады.

[Принципал:] [Принципал атынан:]

ТАӘ, лауазымы

[МО (бар болса)]

Өтінішті Банк акцептіледі:

БАНК: «Jusan Bank» АҚ, А26F8T9, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 242-үй, БСН 920140000084, ҚР ҰБ-дағы ЖСК KZ48125KZT1001300336, БСК TSESKZKA, БеК 14, Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы 18.03.2021ж. анықтама, ресми интернет-ресурс – www.jusan.kz, e-mail: info@jusan.kz

«Jusan Bank» АҚ *филиал атауын көрсету, филиалдың пошталық индексын, орналасқан мекенжайын, телефондарын көрсету, № куәліктің нөмірін және берілген күнін көрсету* филиалды есептік қайта тіркеу (тіркеу) туралы куәлік/ *берілген күнін көрсету* филиалды есептік қайта тіркеу/тіркеу туралы анықтама, БСН *№ көрсету*

Банк атынан:

ТАӘ

МО

ⁱ Заңды тұлғаларға және кәсіпкерлік қызметті заңды тұлға құрмай жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қаржыландыру ұсыну бойынша стандартты шарттарға сілтемемен Кепілдіктер ұсыну және ақша кепілсалымы (операциялық бөлімше үшін) туралы бас келісімнің үлгілік формасы бекіткен:

- «Jusan Bank» АҚ Басқармасы «04» қараша 2022 ж. № 135-22 хаттама